

ной программы их формирования;

- обеспечение личностно ориентированной направленности образовательного процесса и усиление межпредметных связей, за счет использования профессионально ориентированных заданий, направленных на интеграцию теоретических знаний и практического опыта, полученных при изучении других дисциплин, имитации профессиональной деятельности в учебных условиях под руководством преподавателя;

- применение активных методов обучения, таких как метод проектов, тренинги, дискуссии, семинары, публичная защита контрольных работ, деловые игры, разработка блочно-модульных программ обучения, обеспечивающих гибкость образовательного процесса и индивидуальный подход к студентам;

- использование коллективных форм обучения, мотивация профессионального и делового общения студентов путем внедрения в практику совместной подготовки

студентами профессионально ориентированных проектов, публичного обсуждения методов решения и полученных результатов, оказания взаимопомощи;

- создание психологически благоприятного климата для всех субъектов обучения и ситуации успеха на занятиях посредством использования диалоговых, тренинговых, игровых и т.п. форм обучения; заданий, соответствующих уровню подготовленности студентов и стимулирующих дальнейшее саморазвитие и самосовершенствование в профессии

Результатом профессионально-ориентированного обучения представляется формирование профессиональной компетенции. Это позволяет специалисту мобилизовать в ходе общекультурной, коммуникативной и профессиональной деятельности приобретенные знания и умения, а также использовать обобщенные способы коммуникативной деятельности в условиях реализации профессиональных функций.

Список использованной литературы

1. Стратегия модернизации содержания общего образования: Материалы для разработки документов по обновлению общего образования / под 72 ред. А.А.Пинского, координатора Экспертно-аналитического центра по обновлению общего образования. – М.: Мир книги, 2001. – 95с.
2. И.А. Зимняя // Россия в Болонском процессе: проблемы, задачи, перспективы: труды методол. семинара. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – 40 с.)
3. Т.В. Сидоренко, О.М. Замятинина / Профессиональные компетенции студентов неязыкового вуза и возможности их формирования в процессе обучения иностранному языку – Томск: Вестник Томского государственного университета, 2013 №368с. 141-147
4. Покушалова, Л.В. Формирование иноязычной компетенции профессионально-ориентированной компетенции у студентов технического вуза / Л.В. Покушалова.- Молодой учёный. - 2011.- №3. Т.2. - С.151-154.
5. Гальская Н.Д. Современная методика обучения иностранному языку. Пособие для учителя. М.: АРКТИ-Глосса, 2000, 165 с.

**Бегімбай К.М., п.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Ералы Э., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-інің магистранты**

УДК 502/504

ЗАМАНАУИ ЭКОҚАЛАШЫҚТАР ТҮРФЫЗУДЫҢ МАҢЫЗЫ

В данной статье говорится о значении организации современных экогородков как альтернативу решения проблемы экологической чистой среды обитания для человека.

This article refers to the values of the organization of modern ekogorodkov as an alternative solution to the problem eklogicheskoy clean living environment for humans.

Қазіргі кезеңдегі жаһандану дәүіріне тән бүкіл адамзатты елеңдететін өзекті мәселелерінің бастыларының бірі – тұрлі

шикізат пен өнімдерді өндірудің қоршаға ортаға көрі өсері болып табылады. Осындаидай шешімін табуы күрделі мәселеге

айтарлықтай үлес қосып отырған жайттың тағы бір түрі – мегаполистердің қарқындан дамуы.

Аталмыш факторлар экологиялық жағдайды нашарлатып, адамның тіршілік етуіне аса қажет таза ауа, су және тағамдардың залалдануына әкеп соқтыруда. Сонымен қатар, үлкен қалада тіршілік ететін қала тұрғындарының денсаулығына айтарлықтай кері әсер ететін факторлардың, яғни мегаполистегі қозғалыс, шу, жарықтың және т.б. шамадан тыс болуы да «өз үлесін қосуда».

Қоғамдық ортада әр адамның жұмысы мен үй шаруасының жағдайы бастаң асатыны белең алуда. Құнделікті күйзеліс, жайсыздық сияқты теріс факторлар кесірінен «уақыт тапшылдығы» пайда болды. Осылан байланысты, мұндай мәселелердің шешімі бола алатын тың идеялар негізінде пайда болған түрлі технологиялар біртіндеп құнделікті өмірімізде қолданысқа енуде. Олар қазіргі «техногендік» дамуға төтеп беруге қауқарлы және оның әсерінен туындаған сан алуан жайсыз жағдайларды жөнілдетін заманауиозық технологияларға негізделген түрлі гаджеттер, жүйелер, компьютерлік бағдарламалар, технологиялық жабдықтар және т.б. болып табылады.

Қоршаған ортадағы келеңсіз жағдайлармен күресуге бағытталған осындағы өзгерістерді бақылай отырып, жақын болашақта ірі қалалардағы экологиялық жағдай халықтың тіршілік етуіне ыңғайлы және қауіпсіз болуын түбекейлі өзгертуге негіз болады деп сенеміз. Адамзатты толғандырытын осы жаһандық маңызы бар мәселенің онтайтын шешімін табуға еліміздің құзырлы қоғамдық үйымдарының бетке алған басты бағыттарының ең қомақтысы «Жасыл экономика» бағдарламасы шенберінде атқарылып жатқан тың іс-шаралар болып табылады.

Осы тұста баламалы энергия көздерін қолдануды негіз еткен «Болашақ энергиясы» тақырыбында Астана қаласында өткізілетін «EXPO-2017» халықаралық көрмесінің ауқымында атқарылатын әлемдік маңызы бар түрлі тың технологияларды ұсыну – аталған глобалды мәселені шешу жолындағы орасан зор серпіліс беретін тенденсі жоқ шара болары хақ.

Сондықтан, адам өмірін едөүір қауіпсіз, таза жасыл аймақтарда өткізуі басты қағидага айналғандығы сөзсіз. Осында әлемдік ауқымда атқарылатын ша-

ралардан туындастын жетістіктердің оң әсерінің желісінің соңында кетіп, «ұлттық мәдениетіміз бен құндылықтарымыздан алшақтап кетпейміз бе?» деген ой туындаиды. Сол себепті, ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-тіршілігіндегі ұлттық ерекшеліктерін мұлде ұмыт қалдырмай, жарқын болашақты дамыған технологияларды тиімді әрі ретімен қолдана отырып, түршілік ортасын құрылымдауда заманауи және дәстүрлі технологияларымызды ұштастыра отырып, ұлттық нақышымызда (стилімізде) орындалған өмірге жайлы ортаны елестетуге болады.

Өз кезегінде мәдениетіміздегі ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық өнерімізге тән, алғаш көргеннен айнаңтап танылатын ерекше микрошахарларды тұрғызу ойы туындаиды. Бұндай идеяны экологиялық проблемаларды есепке ала отырып, жаңа заман технологияларының көмегімен таза қалашықтар тұрғызу арқылы шешу дегеніміз:

- оның ішкі тіршілігін, өмірге керек табиғи ортасын, ландшафты мән қоса үйымдастырып, адамның өмір сүруіне қолайлы етіп жайластыру;

- қоршаған айналасындағы флорасы мен фаунасын қорғап, сақтау;

- қалашықты сыртқы энергия көздерінен тәуелсіз ететін баламалы энергия көздерімен қамтамассыз ету;

- ауыз су тапшылдығы болмайтында залалсыз ресурстарды қолданып, ерекше экологиясы таза, жасыл орта қалыптастыру болып табылады.

Ендігі кезекте жоғарыда суреттелген ойлармен қатар әкоқалашықты толықтай сыртқы ресурстардан тәуелсіз ету мәселесін қарастырған жөн болады.

Әкоқалашықты өзін-өзі қамтамасыз ететін автономды ерекше ортаға айналдыру үшін, онда орналасқан үйлерден белінетін көмірқышқыл газының мөлшерін нөлге жеткізу мәселелерін шешу жолдағын ойластырайық.

Әкоқалашықтағы ғимараттарға жел генераторлары мен күн батареяларын орнату арқылы, ауыз суды жерасты суларының көмегімен немесе оған альтернатива ретінде жаңбыр суы мен ағын суларды резервуарларда тазалап, ал үйлер іші ауаны төтіктер арқылы салқындану арқасында қол жеткізіп, ал іштегі ауаны үйдің төбесіндегі төтікшелер арқылы циркуляция жасап, ыстық көмірқышқыл газдарды сыртқа шығаруға болады [1]. Міне, осында қосымша технологиялар жан-

жақты қамтылған заманауи экоқалашықты тұрғызуға үлкен септігін тигізеді.

Осылайша, сезсіз ыңғайлышың пен өзіндік мәнерлі дәстүрлі стильге негізделген, жоғары технологияларды қамтылған инженерлік-инновациялық экоқалашық көрініс табады. Өзінің мекендеушілеріне ол барынша ыңғайлыш, «ақылды», жайлы, тартымды етіп үйімдастырылған экологиялық тұрғыдан алғанда «таза орта» бола алады. Себебі, жоғары технологиялар қолданылған заманауи экоқалашық өзінің функционалды әрі пайдалануға женіл жүйесінің арқасында экономикалық тұрғыдан алғанда максималды үнемді, тіршілік етуге қауіпсіз және сонымен қатар эстетикалық тұрғыдан қарағанда да тиімді болады.

Заманауи экоқалашық өз тұрғындарына жайлы, автономды, таза орта болатыны жөнінде айтылды. Ал ендігі кезекте оның қауіпсіздігі жағына да тоқтала кеткеніміз жән. Қазіргі таңда бүкіл әлемде тұрмыста қолданысқа қарқынды еніп келе жатқан «саналы» жүйенің бар екендігін ұмытпаған абыз.

Себебі, ұсынылышп отырған қалашықта да дәл осы «саналы» жүйені қорғаныс қауіпсіздігіне қолданысқа қосуға болады. Бұндай қауіпсіздікке бағытталған технологиялар қалашықты сыртқы қауіп-қатерден қорғауға, әрі іштегі не жүйедегі ауытқулар мен бұзылуларды жедел табуға, осындаі олқылықтар болған жағдайда қала мекендеушілерін автоматты тұрде хабардар етуге өте ыңғайлыш етіп құрылымдалған.

Жоғарыда сез еткен экология мен қауіпсіздік пен қатар эстетика мәселелерін де қарастырайық. Атап отырған қалашықты құрайтын жеке элементтердің сырт келбеті ұлттық нақышымызға жақын болса, мұндай өзгешелік экоқалашықтың ортақ сыр-сымбаты мен эстетикасын ерекшелендіреді. Экоқалашықтың сырт келбеті мен ішкі үйімдасуы өзара жарасымды болса – бұл адамның онда мекендеуіне барынша ыңғайлыш, эмоционалды тұрғыдан тартымды етеп сессіз.

Осы күнде әлемдік деңгейде де қалалардың экологиялық ахуалын оңтайлы үйімдастыру қазіргі таңда шешімін табуды қажет ететін жайттардың бірі болып тұр. Ал, өз деңсаулығы мен болашағына қамданатын адамзат болса, осындаі қалашықтарды таңдауға асығатын болады деп ойлаймыз.

Қалашық экологиялық тұрғыдан қамтылған болғандықтан, оны қалайша

шешуге болатын жолдарын айта кету міндет деп білеміз. Оның экологиялық таза болуын бірқатар заманауи қондырыларды қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Олар – сарқылмайтын әрі қалпына келтірілетін энергия көздері болып табылады және мысал ретінде: жел мен күн энергиясын, геотермиялық энергияны, биомассаны, су ағу қарқынан алынатын энергияны, мұхиттағы тасу мен қайту кезіндегі су қөтерілүінен болатын энергияны келтіруге болады.

Ресми анықтамаға жүгінер болсақ, экологиялық технологиялар (ағыл. environmental technology), жасыл технологиялар (ағыл. green technology) немесе таза технологиялар (ағыл. clean technology) – қоршаған орта мен табиғи ресурстарды қадағалау, модельдеу, сақтап қалу және адами теріс әсерлерді алдын алуға бағытталған экологияғылымы, химия, экологиялық мониторинг және электрондық құрылғылардың қолданылуын білдіреді. Сондай-ақ, бұл термин фотовольтаика, жел генераторлары, биореакторлар және тағы сондай сияқты орнықты энергия өндіру технологияларын сипаттауға қолданылады. Экологиялық технологиялар термині ресурстарды орнықты басқаруға арналған электронды құрылғыларды да қамтиды [2].

Ендігі кезекте осы қондырыларға жеке тоқтала кетсек:

- Күн энергиясы – гелиоэнергетика (грек. helios) – күн және энергетика деген үғымды білдіреді. Күннің қуаты біздің өмірімізде маңызды фактордың бірі болып келеді. Күн арқылы тіршілік иесі энергия алады, қажетті заттармен толығады, еседі және өнеді. Күннің сәулеесі адамның күндізгі өмірін жарық қылады. Оның Жерге беретін энергиясы барлық энергия көздерінен 5000 есе жоғары. Осындаі жаратылыстың көмегімен адамзат баласы бұрындары от алып, жылнынатын болса, қазіргі таңда күн арқылы адамзат сарқылмас энергия көзін алушы үйренді.

Күн қуатын жылу энергиясына айналдыратын құрылғыны – термиялық қондыры – деп атайды, ал күннің қуатынан электр энергиясын алуға көмектесетін жылулық сәулеелік қондырыларды – фотоэлектрлік немесе фотовольталық коллекторлар дейді. Олар қатты зат кремний материалынан жасалынады. Осы құрапдарды гелиожүйелерге жатқызады.

Күн батареялары – электр қозғаушы күшін тузызатын және жарық шығару

энергиясын электр тоғының энергиясына тікелей түрлendіретін жартылай өткізгішті фотоэлемент болып келеді.

Экономикалық құндылығын бағалайтын болсақ, күн қондырылары эксплуатациялық шығынға ұшыратпайды, оны жөндеу және қалпына келтіру үшін қор жұмсалмайды, ұзақ мерзімде жұмыс істей береді.

- Биогаз – бұл қалыпқа келтірілетін, кез келген органикалық қалдықтарды өндеп (тамак қалдығы, мал қалдығы, тұрмыстық қалдық, ағын суларының тұнбасынан және т.б.), табиғи қайта өндеуден кейін алынатын ресурс болып табылады. Осындағы энергия көзін тек ауылшаруашылық өнімдерінің қалдықтарын қайта өндеп пайдаланатын болса, биогаздың жылдық потенциалды қоры 1-1,3 млрд. тоннадай жанғыш шикізат алуға болады екен. Есептеп қарайтын болсақ бұл дүниежүзінде пайдаланатын энергия ресурстарының онан бір белгілі екен.

Биогаз өндіру арқасында біз экологиялық, энергетикалық, агрехимиялық сияқты көптеген проблемаларды шеше аламыз. Қазіргі таңда биогазды жарықтандыруға, жылтытуға, неше түрлі транспорттарға, электролиттердегі теріс электрлік зарядтарға тартауды, микробты клетканың тыныс алу жүйесіне қысым келтіру арқылы жұмыс істейді. Нәтижесінде осындай әсер ету микроорганизмді жояды.

- Жел энергиясы – бірнеше мың жылдар бойы адамзат желдің күшін энергия көзі ретінде пайдаланған. Желді пайдалану арқылы кеме мен қайықтарға желкен қойып жүзген, жел диірмендерін салып, дәнді-дақылдарды ұнтақтаған, елді-мекендерді сумен қамтыған, егінді жерлерді суарған. Мәліметтер бойынша жел энергиясы бүкіл планетадағы гидроэнергиядан 100 есе асып түседі. Жел энергиясын пайдалану табиғат баланстарын үзбайды.

Қазіргі таңда әлемде жел генераторлары қолданысқа енгізілген. Бұндай қондырылардың жұмыс істеу тәртібі электростанциялардағы отын жаққанда ток өндіретін генераторларға ұқсайды. Жел генераторларының тік осыпен және горизонталь осыпен айналатын жел движательдерін жіңі қолданады [3].

- Суды тазартудың түрлері. Бірінші тәсілі – суды озонмен тазарту – оттегінің қосылыстарын пайдаланып таза су алу. Озонның бактерицидті, вирулицидті және спороцидті қасиеті бар. Оның көптеген минералдық және органикалық заттармен өзара әрекеттесу арқасында,

бактериялардың клеткаларын бұзады, микроорганизмдердің инактивациясына алып келеді. Бұл суды зиянсыз етуге мүмкіндік береді.

Екінші тәсілі – суды бром мен йодтың көмегімен тазарту. Тотықтандыру белсендігі бар бром мен йодтың қосылыстарын пайдаланып, судағы бактерицидті және вирустық белсенділіктерді едәуір басуға болады. Қазіргі уақытта бром препараторы жүзу бассейндерінің суын заарсыздандыру үшін қолданылады.

Үшінші тәсілі – соңғы жылдары биоцидті жоғары молекулярлық полимерлі қосылыстар негізінде қышқылданбайтын залалсыздандыру реагенттерін пайдалана отырып, суды тазарту қолданысқа енді. Бұл әдіс оң зарядталған иондардың микроорганизмдердегі теріс электрлік зарядтарына тартауды, микробты клетканың тыныс алу жүйесіне қысым келтіру арқылы жұмыс істейді. Нәтижесінде осындай әсер ету микроорганизмді жояды.

Залалсыздандырудың тәртінші әдісіне күміс пен мыс иондарының олигодинамикалық әсері бар металдарды пайдалану да жатады. Мыстың бірқатар қосылыстары бактерицидті сарқынды суларды, сумен жабдықтау жүйелерді залалсыздандыру, микроорганизмдердің шоғырлануын болдырмау үшін қолданылады.

Бесінші тәсілі – ультракултік сәулелерде арқылы суды тазалау. Ультракултік сәулелердің энергиясы органикалық молекуларды бұзу үшін жеткілікті. Оның толқындары су мен ауаны әртүрлі микроорганизмдерден заарсыздандыру үшін кеңінен қолданылады [4].

Жоғарыда айтылғанды қорыта келе айттарымыз – заманауи экологиялық талаптарға сай адамның өмір сүруіне қолайлы тіршілік ортасын үйімдастыру әлемдік мәні бар келелі мәселеле болып табылады. Осы өзекті мәселені шешу жолында үлес қосу мақсатында осы тақырыпқа сай ізденіс жұмыстары жүргізілуде. Соның кезекті көрінісі ретінде көпшіліктің назарына осы мақаланы ұсыну арқылы ой бөлісіп отырмыз.

Сөзге тиек болып отырған мәселені зерттеудің барысында анықталған жайттарды саралай келе оны шешудің негізі жолдарын анықтауға тырыстық. Біздің пайымдауымыз бойынша атамыш мәселені шешу үшін біріншіден мегополистен тысқары жерде орналасқан экоқалашық салу керек. Оны жобалау барысында мы-

надай шарттылықтар есепке алынуы көрек: біріншіден – экоқалашықта қайта орынына келетін баламалы энергия көздерін, яғни, құн, су, жел және т.б. ресурстарды пайдалану технологияларын барынша қолдану керек; екіншіден – экоқалашықтың келбетін жобалауда заманауи стильдер мен қатар үлттық нақыштарды үйлестіре

қолданған жән; үшіншіден – қалашықтың қауіпсіздігін қамтамассыз ететін және ондағы орналасқан әрбір нысананың жеке тірлігін басқаратын жүйелердің жұмысын қалыптастыру арқылы басты мәселелердің оңтайлы шешімін табуға болады деп көміл сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://old.homeforlife.ru/menu-news/907-2010-08-05-19-57-50>
2. http://kk.wikipedia.org/wiki/Экологиялық_технологиялар
3. <http://kaz-referaty.ucoz.kz/load/1-1-0-1013>
4. <http://kk.convdocs.org/docs/index-99652>.

**Жупархан Б., магистр, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Айтуарұлы Д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-інің студенті**

ӘӘЖ:528.(045)

ЖАСЫЛ ЖАМЫЛҒЫНЫ ЖӘНЕ ГИДРОГРАФИЯНЫ ДЕШИФРЛЕУ

В данной работе рассматривается способы дешифрирования аэрофотоснимков зеленого покрова и гидрографии. Приведены особенности дешифровки лесов, пустыней, водоемов, рек и озер.

In this paper we consider ways of deciphering aerial photographs of the green cover and hydrography. Peculiarities decryption forests, deserts, ponds, rivers and lakes.

Бұл мақалада аэрофотосуреттерге түсірілген жер бетінің жасыл жамылғысы мен гидрографиясын дешифрлеу әдістері қарастырылады. Орман, орманды дала, шөлді дала, су тоғандары, өзен, көлдердің аэросуреттегі көрінісі мен дешифрлеу ерекшеліктері көрсетілген.

Топографиялық дешифрлеу саласында жұмыс жүргізетін толық білікті маман болу үшін арнайы дайындықты және әртүрлі географиялық жағдайдағы топографиялық түсірістеді жасаудағы үлкен тәжірибелі қажет етеді. Топографиялық дешифрлеудің мәселесі картографиялық көріністен туатын сұрақтарымен, картографиялық генерализация, кешендік және үлкен контурлар көрінісімен байланысты бола түріп, дешифрлік белгілерді ажырата білуді, азаматтық-кәсіптік, транспорттық-гидротехникалық құрылыштың конструкторлық ерекшеліктерін білуді талап етеді. Келесі кезекте жасыл жабындыны және ги-

дрографияны дешифрлеуді қарастырсақ.

Аэросуреттерде су қоймалары, тоғандар мен өзен, көлдерді анықтау қыныңа соқпайды, өйткені жағалау сызықтары анық болады, ал су бетінің аэрофотобейнелері барлық масштабтағы аэросуреттерде жаңындағы жерлерден ерекшеленіп тұрады. Гидрографиядағы фотокөріністің түсіне аэротүсірістің оптикалық тәсілі, терендігі, судың тазалығы, сонымен бірге оның түсінің түрленуі, су өсімдіктері өсер етеді. Әдетте, балышқты және шөгінді су түбі негұрлым терендеген сайын түсі де соғырлым қоюланады. Түбі тасты және құмды шағын өзендер мен көлдер аэросуреттерде ақшыл түспен көрсетіледі. Терең емес және қатты ағысты тау өзендері аэросуреттерде галечниктермен жабылған басқа жерлерден айырмашылығы жоқ екеніне көз жеткізуге болады. [1]

Орман маңындағы немесе бұтақтармен жабылған кішкене өзендер мен ағыстарды